

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 32 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/896 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 35-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

13

қаңтардағы

N 32

қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер (бұдан әрі - тендерлер) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

Осы Ереже ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орман ресурстарына қолданылмайды.

2. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының Орман кодексінде көзделген ұғымдар және мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) лот – мемлекеттік орман иеленушінің тендерге қойылатын орман ресурстары бойынша белгіленген тәртіппен құжаттамалық ресімделген ұсынысы;

2) өтінім-лот – қалыптасу процесіндегі тендерге қойылатын орман ресурстары бойынша мемлекеттік орман иеленушінің ұсынысы;

3) тендерді ұйымдастырушы – тендерге қойылатын мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары функционалдық қарауында болатын облыстардың жергілікті атқарушы органдары немесе орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері;

4) уәкілетті орган - мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру тәртібінің сақталуын үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыратын орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

5) тендерге қатысушы - осы Ережеге сәйкес ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығын алу үшін өзінің тендерге қатысатынын мәлімдеген жеке және заңды тұлғалар ;

6) тендер құжаттамасы - лоттың сипаттамасын, ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының жобасын (бұдан әрі - шарт жобасы) қамтитын құжаттар жиынтығы және тендер өткізу рәсімін айқындайтын құжаттар;

7) тендер өтінімі - тендерге қатысушы тендер комиссиясына тапсырған және тендер ұйымдастырушы мен осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделген құжаттар жиынтығы .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Тендерге орман ресурстарын пайдалануды бір орман пайдаланушыға беріп, бір учаскеде орман пайдаланудың бір немесе бірнеше түрін көздейтін лоттар қойылуы мүмкін.

2. Өтінім-лоттарды қалыптастыру тәртібі

4. Өтінім-лоттарды мемлекеттік орман иеленуші орман өсіру материалдарына сәйкес және орман ресурстары нарығының қажеттіліктері туралы ақпараттың негізінде әзірлейді.

5. Орман пайдаланудың жекелеген түрлеріне өтінім-лоттарды қалыптастыру мына ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады:

1) сүрек дайындау үшін орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру туралы ұсыныстар әзірленген жағдайда мемлекеттік орман қорының учаскесі сүрек қоры басты және аралық мақсатта пайдалануға кесуді жүргізу кезінде сүрек ресурстарын толассыз және таусылмайтындай дәрежеде пайдалануды қамтамасыз ететіндей жолмен іріктеп алынады.

Лоттар арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер құру үшін орман пайдаланушыға мемлекеттік орман қорының аумағында қосымша учаске беру мүмкіндігін көздеуі мүмкін;

2) аң шаруашылығының мұқтажы үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру туралы ұсыныс әзірленген жағдайда учаскелер шаруашылықаралық аңшылықты жайластыру және аңшылық-экономикалық зерттеулер материалдарының негізінде және оңтайлы күзет режимі қамтамасыз етілетіндей, молықтыру іс-шараларының кешенін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалатындай және аңшылық шаруашылығын жүргізудің экономикалық қажеттілігі қамтамасыз етілетіндей жолмен іріктеп алынады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру туралы сондай-ақ мемлекеттік орман қорының құрамына енбейтін, бірақ жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру үшін қажет болып табылатын жер учаскелерін енгізуді көздейтін ұсыныс әзірлеу кезінде көрсетілген учаскелердегі аң ауланатын жерлерді бекіту «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;

3) орман пайдалану мерзімдері бойынша:
сүрек дайындау - 10 жылдан 49 жылға дейін;
шайыр мен сүрек шырындарын дайындау - 10 жылдан 15 жылға дейін;
мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы

үшін пайдалану - 10 жылдан 49 жылға дейін;
мемлекеттік орман қоры учаскелерін сауықтыру, рекреациялық,
тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін 10 жылдан 49 жылға
д е й і н п а й д а л а н у ;

мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдарының
отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру
үшін пайдалану 10 жылдан 49 жылға дейін.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604;
18.10.2013 N 1102 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2014 № 734 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен**

6. Өтінім-лот мемлекеттік орман иеленуші куәландырған мына
м а т е р и а л д а р д ы қ а м т у ғ а т и і с :

1) ықтимал орман пайдаланушы үшін орман телімдері мен орамдары желісін,
соқпақтар мен жол желісін, аралас жер пайдалану белгісін және басқа да қажетті
картографиялық ақпаратты қамтитын орман карталарының материалдары
бойынша орындалған ұзақ мерзімді орман пайдалану учаскесінің абрисі;

2) орман телімдері мен орамдарының тізбесі қосылған, апандар мен қажетті
бағалау деректері көрсетілген учаскенің сипаттамасы;

3) өтінім-лотқа енгізілген орман пайдаланудың әрбір түрі бойынша ресурстық
д е р е к т е р ;

4) өтінім-лотқа енгізілген орман пайдаланудың әрбір түрі бойынша жыл
сайынғы орман пайдаланудың қолданыстағы тексеру кезеңі шегіндегі рұқсат
е т і л г е н к ө л е м д е р і ;

5) өтінім-лотқа енгізілген орман пайдаланудың әрбір түрі бойынша салық
заңнамасына сәйкес белгіленген ақы төлеу мөлшерлері;

6) ұзақ мерзімді орман пайдалану учаскелеріне тікелей жақын маңда елді
мекендердің бар-жоғы, оларда тұратын халықтың саны туралы мәліметтер,
сондай-ақ жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуы, орман пайдаланудың
дәстүрлі түрлері, әлеуметтік іс-шараларды іске асыруға және елді мекендердің
инфрақұрылымын қолдауға қажеттіліктер туралы деректер;

7) орман пайдаланушыларға қойылатын орман заңнамасында белгіленген
ж а л п ы т а л а п т а р .

7. Тендерді ұйымдастырушы өтінім-лоттар келіп түскен сәттен бастап екі
апта мерзімде оларды қарастырады, олар бойынша шарттардың жобаларын
әзірлейді және тендерлік құжаттама топтамасын бекітеді.

**Ескерту. 7-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн**

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Тендерлерді ұйымдастыру

10. Тендерді ұйымдастырушы құрамына тендерді ұйымдастырушының, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері аумақтық органдарының аумақтық бөлімшелері, орталық атқарушы органның басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың, облыстық өкілді органның, мүдделі мемлекеттік орман иеленушінің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері енетін тендер комиссиясын құрады. Тендер комиссиясының төрағасы болып тендерді ұйымдастырушы басшыларының бірі, хатшысы болып тендерді ұйымдастырушының лауазымды тұлғасы тағайындалады. Тендер комиссиясының хатшысы оның құрамына кірмейді.

Тендер комиссиясы мүшелерінің саны кемінде жеті адам болуға тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Тендерді ұйымдастырушы тендер комиссиясымен бірлесіп:

- 1) тендерді өткізу уақыты мен орнын;
- 2) тендер комиссиясы орналасатын жерді;
- 3) тендер құжаттамасын алу орны мен тәсілдерін;
- 4) тендер өтінімдерін беру мерзімдерін;

5) тендер комиссиясы отырыстарының регламентін айқындайды.

12. Тендерді ұйымдастырушы кемінде бір ай бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымында алдағы тендер туралы хабарландыру жариялайды. Тендерді өткізу туралы хабарландыру тендерге қойылатын лоттардың атауын, сондай-ақ осы Ереженің 11-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді, тендерді ұйымдастырушы айқындайтын басқа да қажетті ақпаратты қамтуға тиіс.

13. Тендерге қатысуға ниет білдірген тұлға лоттың (лоттардың) атауын көрсетіп, тендер құжаттамасын алуға жазбаша нысанда өтініш береді, тендер құжаттамасында белгіленген талаптарға сәйкес тендер өтінімін әзірлейді және оны тендерді ұйымдастырушыға конвертке салынған күйінде белгіленген

мерзімде тіркеуге тапсырады.

Тендер өтінімі тіркелген сәттен бастап тендер өтінімін берген тұлға тендерге қатысушы мәртебесіне ие болады.

14. Тендерге қатысушы тапсыратын тендер өтінімі:

1) үміткердің тендерге қатысуға келісімін қамтитын тендерге қатысуға берілген өтінімді және оның тендер талаптарын орындау және тиісті шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерін;

2) тендерге қатысушыға қойылатын талаптарға сай келетінін растайтын құжаттар тізбесін:

заңды тұлғалар үшін – жарғының, өтініш берушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың, салық төлеуші куәлігінің көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар ұсынылмаған жағдайда нотариатта расталған);

жеке тұлғалар үшін - салық төлеуші кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың көшірмесі, сондай-ақ жеке куәлігінің немесе паспортының, салық төлеуші куәлігінің (салыстыру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалдық куәландырылған) көшірмелері;

бухгалтерлік теңгерімді; тендер өтінімдері салынған конверттер ашылатын күннің қарсаңында үш айдан астам ішінде банк (банктер) алдында тендерге қатысушының мерзімі өткен берешегі жоқ екені туралы банктің (банктердің) анықтамасын;

салықтық берешегі жоқ екені туралы салық органының анықтамасын; тендерге қатысушыда орман пайдалануды жүзеге асыру, ормандарды күзету, қорғау және молықтыру жөніндегі іс-шараларды өткізу үшін қажет қаражат пен өндірістік қуаттардың бар екені туралы құжаттарды (оның ішінде қызметкерлердің біліктілігі көрсетіліп олардың бар екені және саны, мамандықтары бойынша жұмыс стажы туралы құжаттарды);

3) ормандарды күзетуге және молықтыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті халыққа қызметтер көрсетуге бағытталған ұсынылатын қосымша қызметтер мен жұмыстарды;

4) үш жыл ішінде іске асырылатын, осы жоспарды қаржыландыру көздері мен көлемдері көрсетілген сүректі толық өңдеуді және плантацияда өсіру үшін тұқымбақ ұйымдастыру бойынша кешенді даму жоспарын қамтиды.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604, 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.11.21 N 1471 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.10.2013 N 1102 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

15. Мемлекеттік орман иеленуші тендер өткізілгенге дейін тендерге қатысушыларды тендерге қойылатын орман пайдалану учаскелерімен т а н ы с т ы р а д ы .

16. Тендерге қатысушы тендер нәтижелеріне қарамастан, өзінің тендер өтінімін дайындау және тапсыру жөніндегі шығыстарды көтереді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен .

17. Тендерді ұйымдастырушы ұсынылған тендер құжаттамасы үшін тендер құжаттамасын көшіріп басуға жұмсалатын нақты шығындардан аспайтын ақы а л а д ы .

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен .

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 3-бөлім ескертпемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Тендерлерді өткізу

18. Тендер комиссиясы тендер өтінімдері салынған конверттерді белгіленген мерзімде ашады. Тендерге қатысушының тендер өтінімдері салынған конверттерді ашу кезінде қатысып тұруына болады.

19. Тендер өтінімдері салынған конверттерді ашу кезінде тендер комиссиясының хатшысы қатысып отырған адамдарға тендерге қатысушылардың атаулары мен орналасқан жерлерін хабарлайды, олар қатысып отырған лоттың (лоттардың) атауын, тендер өтініміне енгізілген құжаттардың т і з б е с і н о қ и д ы .

Тендер өтінімдері салынған конверттерді ашу нәтижелері бойынша конверттерді ашу хаттамасы жасалады, оның куәландырылған көшірмелері ашу рәсімі кезінде қатысып отырған тендерге қатысушыларға беріледі.

5. Тендер өтінімдерін қарау және тендерлер жеңімпаздарын анықтау

20. Тендер өтінімдерін бағалауды тендер комиссиясы конверттер ашылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Тендерге қатысушылар тендер өтінімдерін бағалауға қатыспайды.

21. Тендер өтінімдерін қарау барысы туралы ақпарат және оларды бағалау материалдары құпия сипатта болады және бағалау рәсіміне ресми қатысы жоқ тұлғаларға берілмейді.

22. Тендер комиссиясының шешімі бойынша ұсыныстары тендер құжаттамасында айтылған барлық талаптарға сай келетін және тендер шарттарын орындау бөлігінде таңдаулы болып табылатын қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады. Назарға сондай-ақ ұсынылған тендер өтінімдерінің қосымша техникалық, біліктілік, ұйымдық және өзге де артықшылықтары алынуы мүмкін.

23. Басқа үміткерлер болмаған жағдайда, егер лот бойынша тендердің бірден-бір қатысушысы тендер өтініміне қойылатын негізгі талаптарды сақтаған және орман пайдалануды ұйымдастыру мен жүзеге асыру жөнінде ол жасаған ұсыныстар тендер шарттарына сай келетін болса, сол қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қ а у л ы с ы м е н .

24. Тендерді ұйымдастырушы, егер тендерге қатысушылардың ұсыныстарын тендер комиссиясы тендер шарттарын қанағаттандырмайтын ұсыныстар деп таныса, оны өтпеді деп таниды.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қ а у л ы с ы м е н .

25. Тендерге қатысушылар қатарынан оның жеңімпазын таңдау тендер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, тендер комиссиясының отырысында жүргізіледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендер комиссиясының хаттамасында (бұдан әрі - тендер комиссиясының хаттамасы) тендер комиссиясының қандай да бір мүшесі болмаған жағдайда осы фактіні растайтын құжатты (бар болған жағдайда) қоса оның болмау себебін көрсетеді.

Тендер комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған тендер комиссиясына қатысушы мүшелердің жалпы санының көпшілік даусы берілген болса, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, тендер комиссиясының төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Тендер комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, осы тендер комиссиясының кез келген мүшесі ерекше пікір білдіре алады, ол жазбаша түрде айтылуы және тендер комиссиясының хаттамасына қоса берілуге тиіс.

Тендер комиссиясының хаттамасы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

26. Тендер комиссиясының әрбір лот бойынша хаттамасына тендер комиссиясының қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ оның хатшысы қол қояды.

27. Тендерді ұйымдастырушы тендерлік комиссияның хаттамасына қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік орман иеленушіге және тендер жеңімпазына (жеңімпаздарына) хабарлама жібереді. Мемлекеттік орман иеленуші хаттамаға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде орман пайдаланушымен осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын (бұдан әрі – шарт) жасасады.

Тендер нәтижелері туралы хабар тендер өткізу туралы хабарландыру жарияланған баспа басылымында жарияланады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1002 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.11.21 N 1471 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

28. Тендер нәтижелері туралы есепті тендерді ұйымдастырушы тендер комиссиясының хаттамасына қол қойылғаннан кейін күнтізбелік жеті күн ішінде уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.21 N 1471 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29. Тендер өткізудің белгіленген тәртібі бұзылған жағдайда оның нәтижелерін уәкілетті орган жарамсыз деп тануы мүмкін.

30. Тендер комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда тендер нәтижелеріне Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу ережесіне 1-қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендер комиссиясы хаттамасының үлгілік нысаны

N ____

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.21 N 1471 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

_____ 20__ ж. " ____ " _____

(елді мекен)

Тендердің басталу күні және уақыты _____

Тендердің аяқталу күні және уақыты _____

1. Тендер комиссиясы мына құрамда (Т.А.Ә. лауазымы көрсетілсін) :

_____ - комиссия төрағасы
комиссия мүшелері :

құрылып, _____

(тендер комиссиясын құрған органның кесімі, құжаттың күні мен нөмірі көрсетіледі)

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендер өткізді.

2. Тендерге мынадай лот қойылды:

Лот	Лоттың сипаттамасы
_____	_____

3. Тендер құжаттамасын алғандар:

Жеке немесе заңды тұлғаның атауы	Мекен-жайы
_____	_____

1

2

3

4. Тендерге қатысуға тендер өнімін тендердің мына қатысушылары тапсырды :

Тендерге қатысушылардың атауы	Мекен-жайы	Тендер өтінімдерін берген күні мен уақыты
-------------------------------	------------	---

1

2

3

5. (Конверттерді ашу кезінде тендер өтінімдерінің қабылданған-қабылданбағаны және олардың қабылданбау себептері көрсетілсін).

6. Тендерге қатысушы мынадай құжаттар тізбесін тапсырды:

Құжаттардың атауы	Тендерге қатысушылардың атауы
-------------------	-------------------------------

7. Тендерге қатысушылар тендер құжаттамасының шарттарына мынадай қосымша ұсыныстар тапсырды:

Тендерге қатысушының атауы	Ұсыныстар
----------------------------	-----------

8. Тендер комиссиясы тендер өтінімдерін бағалау және салыстыру нәтижелері
б о й ы н ш а ш е ш і м ш ы ғ а р д ы :

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді
орман пайдалануға берудің мынадай шарттарына:

_____ сәйкес
_____ тендер өтінімі тендерді ұтты деп танылсын.

(лот бойынша тендер жеңімпазының атауы)

2. Мемлекеттік орман иеленуші күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік орман
қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру
туралы _____ шарт жасассын.

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Комиссия хатшысы _____»;

Тендерді ұйымдастырушы

М.О

Мемлекеттік орман қоры
учаскелеріндегі орман ресурстарын
ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру
жөнінде тендерлер өткізу ережесіне
2-қосымша

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді
орман пайдалануға беру шартының үлгілік нысаны**
N _____

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.21 N 1471 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.10.2013 N 1102 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

20__ ж. "___" _____

(елді мекен)

Бірлесіп «Тараптар», деп аталатын _____

(қарауында мемлекеттік орман қорының

берілетін учаскелері бар мемлекеттік орман иеленушінің атауы) _____ атынан негізінде әрекет жасайтын, бұдан әрі «Мемлекеттік орман иеленуші» деп аталатын және _____ (заңды тұлғаның атауы немесе Т.А.Ә.) негізінде іс-әрекет жасайтын бұдан әрі «Орман пайдаланушы» деп аталатын төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Мемлекеттік орман иеленуші орман пайдаланушыға мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі 20_ жылғы «__» _____ №__ тендер хаттамасының негізінде орман ресурстарын _____ (орман пайдалану түрлері көрсетілсін) жүзеге асыру үшін осы Шартқа қоса беріліп отырған мемлекеттік орман қоры учаскесі жоспарының (1-қосымша) шегінде __ жыл мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалануға береді.

2. Орман пайдалану жүзеге асырылатын мемлекеттік орман қоры учаскесінің алаңы мен бағалау көрсеткіштері осы Шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

3. Орман пайдалану осы Шартқа 3-қосымшада көрсетілген көлем (мөлшер) шегінде жүзеге асырылады.

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.11.21 N 1471 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Орман пайдаланудың жыл сайынғы төлемақысы мемлекеттік орман пайдаланушы салық заңнамасына сәйкес есептеген орман пайдаланудың рұқсат етілген көлемдері негізінде айқындалады және оны Орман пайдаланушы бюджетке аудару арқылы төлеп тұрады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

(орман пайдаланушы мен мемлекеттік орман иеленушінің құқықтары мен міндеттері орман заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленеді)

3. Тараптардың жауапкершілігі

10. Орман пайдаланушы орман пайдаланудың төлемақысын белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда Орман пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

11. Шарттың және орман заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

4. Дауларды қарау тәртібі

12. Осы Шартты орындаумен байланысты туындайтын барлық даулар келіссөз жүргізу және қосымша келісімдер жасасу арқылы шешіледі. Тараптар келіспеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына жатады.

5. Өзге шарттар

13. Осы Шартта көрсетілген барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

14. Осы шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Шарттың мәтініне қайшы келмеуге тиіс, жазбаша нысанда жасалып, оған тараптар қол қоюға тиіс.

15. Осы Шарт қайта жасалуға жатады немесе оған кезекті немесе кезектен тыс орман өсіруді (аңшылықты) жайластыру жүргізіліп, ықтимал орман пайдалану көлемдері мен шарттары нақтыланғаннан кейін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс.

16. Осы Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тіркеуші органда мемлекеттік тіркеуге жатады.

17. Осы шарт орман пайдаланушы мен мемлекеттік орман иеленуші үшін бір-бір данадан, бір данасы тіркеуші органда сақтау үшін 3 данада жасалды. Барлық 3 дананың бірдей заңдық күші бар.

6. Шарттың қолданылуы

18. Шарт _____ жылға жасалды және ол мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Мемлекеттік орман иеленуші

Орман пайдаланушы

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (Т.А.Ә.)

(заңды тұлғаның толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы)

Орналасқан жері _____

Орналасқан жері _____

БСН _____

ЖСН немесе БСН _____

Е/шот _____

Е/шот _____

(қ о л ы)

(қ о л ы)

М . О

М . О

Тіркелген күні 20__ жылғы «__» _____
№ _____ тіркелді
М.О.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 3 қ а н т а р д а ғы
N 3 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасында ағаш саудаласуын (аукциондар) өткізу тәртібі туралы уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 18 ақпандағы N 199 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 11, 105-құжат).

2. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 241 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 маусымдағы N 708 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 26, 243-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 18 ақпандағы N 199 және 29 мамырдағы N 752 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 358 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 17, 170-құжат).